

**«Молдір бұлақ» бобекжай-бақшасы**

**Кенес беру:**

**«Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын білесің ба?**

**Жауапты: А.Есиркепова**

**Қайрат ауылы**

**Тақырыбы:** «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы

**Мақсаты:**

Ата-аналарды «Беске дейін үлгер» қосымшасымен таныстыру, оның бала дамуына тиіс пайдалыны түсіндіру, отбасылық тәрбиеде тиімді қолдану жолдарын ұсыну.

**Кенестің барысы**

**1. Кіріспе бөлім (3–5 минут)**

- Сәлемдесу.
- Тақырыптың өзектілігі: қазіргі заманда баланың алғашқы 5 жасындағы дамуы өте маңызды. «Беске дейін үлгер» қосымшасы ата-анаға осы кезеңде бағыт-бағдар береді.

**2. Негізгі бөлім (10–12 минут)**

✓ **Қосымша жайлы жалпы түсінік:**

- Қазақ тіліндегі отбасылық қолдау құралы.
- Ерте жастағы баланың тілдік, танымдық, әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған.
- Қысқа, түсінікті тапсырмалар мен кеңестерден тұрады.

✓ **Мүмкіндіктері:**

- Күнделікті жас ерекшелігіне сай ойындар мен жаттығулар.
- Баланың даму деңгейін бақылауға арналған тестілер.
- Ата-анаға арналған психологиялық кеңестер.
- Бала тәрбиесінде отбасы мүшелерінің ролін күшейтетін ұсыныстар.

✓ **Ата-анаға пайдасы:**

- Уақыт үнемдейді, әр сәтті тиімді өткізуге көмектеседі.
- Баланың сөйлеу, ойлау, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға қолдау көрсетеді.
- Ойын арқылы үй жағдайында үйретуге мүмкіндік береді.
- Қосымша ата-ананың өзіне де мотивация береді.

### **3. Практикалық бөлім (5–7 минут)**

- Қосымшадан 1–2 тапсырманы (мысалы: «баламен бірге санау ойыны» немесе «заттарды ажыратып айту») ата-аналарға орындатып көру.
- Қысқаша талдау жасау: баланың дамуына қалай әсер ететінін көрсету.

### **4. Қорытынды бөлім (3–5 минут)**

- «Балаңыздың дамуына күн сайын аз уақыт бөлсеңіз де, ол үлкен жетістікке жетелейді» деген ойды жеткізу.
- Қосымшаны жүктеп, күнделікті қолдануға шақыру.

#### **Қорытынды кеңес:**

Баланың алғашқы 5 жылы – болашақтағы тұлғалық дамуының іргетасы. «Беске дейін үлгер» қосымшасы – осы маңызды кезеңді ата-анамен бірге дұрыс бағытта қолдауға арналған тиімді құрал.

## Анықтама

Қатысушылар: 4

Күні: 18.12.2025 ж

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Кенес беру «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын білесің ба?

### Мақсаты:

Ата-аналарды «Беске дейін үлгер» қосымшасымен таныстыру, оның бала дамуына тигізер пайдасын түсіндіру, отбасылық тәрбиеде тиімді қолдану жолдарын ұсыну.

### Іс-шара барысы:

Кіріспе бөлім әдіскер сәлемдесті. Тақырыптың өзектілігіне тоқталып, қазіргі заманда баланың алғашқы 5 жасындағы дамуы өте маңызды екенін атап өтті. «Беске дейін үлгер» қосымшасы ата-анаға осы кезеңде бағыт-бағдар беретін құрал екенін түсіндірді.

**Негізгі бөлімде** әдіскер А.Есиркепова қосымшаның қазақ тіліндегі отбасылық қолдау құралы екенін, ерте жастағы баланың тілдік, танымдық, әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналғаны жайлы ақпараттарға тоқтала келе қосымша жайлы жалпы түсінік берді. Соның ішінде мүмкіндіктері, ата-анаға пайдасы жайлы да айтылды.

**Практикалық бөлімде** қосымшадан «Баламен бірге санау ойыны» және «Заттарды ажыратып айту» ойындарын ата-аналармен бірге орындатып көрді.

Өзара қысқаша талдау жасау арқылы баланың дамуына қалай әсер ететіні жайлы ой бөлісті.

### Қорытындысы:

Қорытынды бөлімде ата-аналарға қосымшаны жүктеп күнделікті қолдану ұсынылып, кеңестер берілді.